

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТИ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

1

Сеил Арайлым Мейрбекқызы
ФӨТ13-002-1

«ШАНШАРОВ-ФАРМ» ЖШС КӘСІПОРНЫНДА САСЫҚШӨП ТҰНДЫРМАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ҮРДІСІН ҚАРҚЫНДАТУ

- ❖ Дипломдық жоба жетекшісі фарм.ғ.к., доцент: Қожанова Қ.Қ.
- ❖ Дипломдық жоба кеңесшісі к.арх.н.: Мурзагалиева Э.Т.

Алматы 2017

Тақырыптың өзектілігі

Қазіргі уақытта, түрлі психогенді невротикалық бұзылулар, психопатологиялық бұзылыстар деңгейі арту үстінде. Бұл жағдайға, әр түрлі әлеуметтік-психологиялық және биологиялық факторлар маңызды әсер етеді, яғни әлеуметтік-экономикалық мәселелері, созылмалы шаршау, экологиялық жағдай, өмір сапасының нашарлауы, депрессия, көңіл-күй бұзылуы, қорқыныш, ұйқы бұзылуы, және тағы басқалар. Өкінішке орай, арнайы әдебиеттермен айқындағанда, депрессиямен 40 жастан асқан тұрғындардың 10%-ы зардап шегіп, оның ішінде үштен екісі әйелдер, ал 65 жастан асқандарда бұл көрсеткіш үш есе жиі кездеседі. Қауіптілік шақыратын факт, бұл депрессия және депрессиялық жағдай 10 мен 16 жасқа дейінгі жеткіншектер мен балалар арасында 5% жуығы шалдығып отыр. Жүйке жүйесі ауруларын емдеуде ең оңтайлысы седативті дәрілік заттар болып табылады. Қазіргі таңда өсімдік шикізатынан жасалынып, шығарылып жатқан дәрілік қалыптар өте көп. Дәрілік өсімдіктердің артықшылығы олардың политерапевтикалық әсер көрсетуі, яғни өсімдік компоненттерінің ағзаның бұзылған функцияларын қалпына келтіруіне кешенді әсер етуі. Сонымен қатар дәрілік өсімдіктегі белсенді активті заттар өмірлік процесстерге және организмге оңай сіңіріледі. Дәрілік өсімдік шикізатынан жасалған препараттардың уыттылығы төмен, кең спекторлы қызметімен, емдік қасиетінің ауқымды болуымен, терапевтикалық дозада жақсы меңгерілуімен түсіндіріледі. Түрлі психогенді невротикалық бұзылуларды емдеу мақсатында құрамында сасықшөп сығындысы бар тұндырмасы жасалуы көрсетілген.

Зерттеу жұмысының мақсаты

- ❖ «Шаншаров-Фарм» ЖШС кәсіпорнында сасықшөп тұндырмасын ұйымдастыру үрдісін қарқындату

Міндеттер:

- ❖ ҚР территориясындағы сасықшөп тұндырмасына нарықтық анализ жүргізу
- ❖ Сасықшөп тұндырмасына әдеби шолу жасау
- ❖ Қарқындатуға дейін және кейінгі аппаратуралық сызба
- ❖ GMP стандарттарының талаптары бойынша өндіріс орнын ұйымдастыру;
- ❖ **Зерттеу объектісі:** сасықшөп шөбі, сасықшөп тұндырмасы
- ❖ **Зерттеу :** «ШАНШАРОВ-ФАРМ» кәсіпорнының талабына сай фармацевтикалық өнімді жасау

Аналитикалық шолу

- ❖ Барлық дәрілік заттардың 20% тұндырма қамтиды.
- ❖ Тұндырма– дәрілік өсімдік шикізатынан қыздырусыз және экстрагентті бөліп алмай және экстрагентінің 1:5 немесе 1:10 мөлшерінде алынған сұйық дәрілік сорындылар, яғни 1 өлшенген бөлігінен 5-тік немесе 10-дық көлемде дайын өнім алынады.

❖ Тұндырмалардың негізгі артықшылықтары:

- ❖ сақтау мерзімінің ұзақтығы,
- ❖ емдік қасиетінің ауқымды болуы,
- ❖ уыттылығын төмендігі,
- ❖ дәрілік заттардың дәл дозалануы,
- ❖ дәрілік зат әсерінің ұзақтығы,
- ❖ Дәрілік заттар сіңірілуінің кезектілігі,
- ❖ дәрілік заттардың жағымсыз иісі мен дәмін бүркеу мүмкіншілігі

Тұндырмаларды өндіру және дайындау

Тұндырмаларды дайындауда мына әдістер қолданылады:

- ❖ Мацерация және оның түрлері
- ❖ Перколяция
- ❖ Құрғақ және қою экстрактілерді еріту
- ❖ «ШАНШАРОВ-ФАРМ» кәсіпорнында өндіруге қажетті барлық жағдай жасалған. Шикізатты дайындаудан бастап қаптамаға дейін.

Мацерация әдісі

- ▶ Мацерация немесе жібіту (лат. maceratio) – экстракциялауды статикалық тәсілдеріне жатады. Көп жылдар бойы ол тұндырмалар мен экстрактор алу үшін негізгі тәсіл болып келеді және МФ VIII басылымына енгізілген болатын. Тәсілдің мәнісі мынада: ұнтақталған шикізатты экстрагенттің қажетті мөлшерімен мацерациялық баққа салып, бөлме температурасында (15-20⁰С) 7 тәулік бойына жібітіп қояды, әлсін-әлсін араластырып отырады. Сонан соң сығынды құйып алады, қалған қалдықты сығымдап, өңделген шикізатты таза экстрагентпен шайып алады да, сығындыларды біріктіріп, көлемін өлшейді. Егер алынған сығындының көлемі берілген көлемге тең болмаса, онда тиісті көлемге дейін таза экстрагент қосады.

Негізгі қондырғы ретінде мацерациялық бактар немесе ағаш бөшекелер қолданылады. Әр сығындының түрінде арнайы бактар немесе ағаш бөшекелер пайдаланылады, өйткені ағаш бөшекелерде шөптің иісі сіңіп қалады.

Бұл тәсілдің тиімділігі төмен, өсімдік материалы көп уақыт бойына қозғалыссыз күйде жатады, конвективті диффузия коэффициентінің мәні төмен болады. Процесс баяу жүреді, және өте аз көлемде өнім алынады және өте ұзақ уақытты алады.

Перколяция әдісі

- ▶ **Перколяция** - (лат. percolatio-сүзу) динамикалық тәсілдерге жатады. Бұл тәсіл бойынша шикізат арқылы экстрагенттің үздіксіз ағымы өткізіледі, яғни оның өсімдік материалының қабаты арқылы сүзілу процесі жүреді. Экстракциялау әртүрлі конструкциялы перколяторлар деп аталатын ыдыстарда жүргізіледі. Олар цилиндрі және конус тәріздес формалы, бу көйлегімен жабдықталған немесе онсыз өздігінен сығындыны құйып алатын немесе тексерілетін болып келеді, тот баспайтын болаттан, алюминийден, мыстан және басқа да материалдардан жасалынады. Жоғарғы жағынан перколяторлар бір немесе бірнеше тесіктері бар қақпақпен жабылады. Бұл тесіктер арқылы экстрагент жіберіледі, бу көйлегінен өнделген бу шығарылады төменгі жағында сығындыны құйып алатын краны болады. Перколяторлардың «жалған» түбі болады, оған фильтрлеуші материал және шикізат салынады. Цилиндрлі перколяторлар шикізатты салу және түсіріп алу үшін қойылады, ал конус тәріздес формалы перколяторлар экстракциялаудың бірқалыпты және алынған сығындының құрамы әсер етуші заттарға бай болуын қамтамасыз етеді.

Перколяция әдісі 3 сатыдан тұрады

жібіту

тұндыру

Перколяцияның өзі

САСЫҚШӨП ШӨБІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

- ❖ **Сасықшөп** (лат.*Leonurus*) – ерінгүлділер тұқымдасына жататын екі не көпжылдық шөптесін өсімдіктер тегі. Еуразияның қоңыржай белдемінде 15 түрі өседі. Қазақстанда Тобыл — Есіл, Балқаш — Алакөл алқабында, Ақмола, Ақтөбе, Қостанай облыстарында, Алтай, Тарбағатай тауларында, Күнгей, Жетісу (Жоңғар), Терскей Алатауларында кездесетін 4 түрі бар:
- ❖ жасыл сасықшөп (*L. glaucescens*)
- ❖ Түркістан сасықшөпі (*L. turkestanicus*)
- ❖ қабықшалы сасықшөп (*L. panzerioides*)
- ❖ бозғылт сасықшөп
- ❖ **Химиялық құрамы**
Сасықшөптің құрамында:
 - ❖ алкалоид (0,009 — 1,97%)
 - ❖ эфир майы (0,04 — 0,15%)
 - ❖ илік заттар (2,3 — 8,2%)
 - ❖ С витамині бар.



САСЫҚШӨП ТҰНДЫРМАСЫ

- ❖ **Сасықшөп тұндырмасы-** өзіне тән иісі бар жасыл-қошқылдан қоңыр түске дейінгі мөлдір сұйықтық.
- ❖ **Фармакологиялық қасиеттері**

Сасықшөп шөбінің құрамында белсенді заттар – сапониндер, флавоноидтар, иридоидтар, органикалық қышқылдар (алма, шарап, лимон, урсол, ванил), иіткіш заттар, гликозидтер, қантты заттар, эфир майы бар. Айқын тыныштандырғыш қасиеттер, сондай-ақ гипотензиялық және кардиотоникалық әсер иеленген. Және жүрек-қан тамыр аурулары емінде де қолданылады. Тиімді тыныштандырғыш әсер ете бастауы орталық жүйке жүйесіндегі тежелу үдерісін күшейту және қозу үдерісін кеміту есебінен жүреді. Ұйықтататын әсері жоқ. Дағдыланып алу, психикалық тәуелдену құбылыстарын туындатпайды.

Құрамы

1 л тұнбаның құрамында
белсенді зат -200 г ұнтақталған сасықшөп шөп
қосымша зат - 70% этил спирті



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНДІРУШІЛЕР

Эко-Фарм ТОО



Фито-чай

Фармация 2010 ТОО



Настойка

Шаншаров-Фарм ТОО



Настойка

Эко-Фарм ТОО



Трава

ФитОлеум ТОО



Цельное и измельченное сырье

ҚОРЫТЫНДЫ

Сасықшөп тұндырмасына әдеби шолу жасалынды. Сасықшөп тұндырмасының физико-химиялық қасиеті, құрамы анықталды. Нарықтық анализ жүргізілді. Және Сасықшөп тұндырмасы тек седативті препарат қана емес, оның басқа да ауруларға емдік қасиеті бар екендігі белгілі болды:

- ❖ Жүрек-қан тамыр ауруларын емдеуде;
- ❖ Антибактериальді;
- ❖ Артериялық қысымда т.б.